

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті



БЕКІТЕМІН

Ресурсы мүшесі - ғылыми жұмыс
кеңесінің проректор
Б. Есенгельдин
«20» желтоқсан 2025 ж.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ХАБАРШЫСЫ»
журналының редакциялық саясаты

Университеттің
Ғылыми техникалық
кеңесінің отырысында
қарастырылды және бекітілді
25.12.2025 ж.
Хаттама № 12

Павлодар, 2025

Журнал туралы

«Қазақстанның педагогикалық хабаршысы» қазіргі педагогикалық үдерістегі білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын зерттеушілерге, педагогтарға, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне және оқырмандарға арналған рецензияланатын ғылыми практикалық-әдістемелік журнал болып табылады.

Журнал Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдар тізбесінің «2-Тізіміне» 2026 жылдан бастап енгізілген (2025 жылғы 9 желтоқсандағы №2138 бұйрық)

Журналдың мақсаты білім беру саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін жариялау арқылы педагогикалық ғылым мен практиканың дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Журнал оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық тәсілдерін, әдістемелері мен технологияларын таратуға, сондай-ақ зерттеушілер, оқытушылар, практиктер мен білім беру және сабақтас пәндер мамандары арасында ғылыми алмасуды ынталандыруға бағытталған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту, заманауи білім беру стандарттарын енгізу және педагог кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударылады.

Журналда зерттеушілердің, магистранттардың және докторанттардың білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешуде ғылыми жетекшілермен бірлесіп жазған ғылыми зерттеулерінің нәтижелері жарияланады.

Журналдың тақырыптық бағыттары:

Білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер.

Авторларға арналған ережелер

Редакциялық алқа авторлардан журналда жариялау үшін мақалалар дайындау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алуды сұрайды.

Журнал редакциясына ұсынылатын ғылыми мақалалар МЕМС 7.5-98 «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспа ресімдеу», мақала ішіндегі библиографиялық тізімдер МЕМС 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері» мақалаларды ресімдеу жөніндегі базалық баспа стандарттарына сәйкес ресімделуге тиіс.

– Нөмір басылымына бір автордан немесе авторлар ұжымы құрамындағы сол автордан бір қолжазбадан артық емес рұқсат етіледі.

– Бір мақаланың бірлескен авторларының саны 3-тен аспауы керек.

– Мақаланың түпнұсқа (плагиат) дәрежесі кемінде 75% (ЖИ-ді қоспағанда) болуы керек. Мақала лицензияланған Antiplagiat.ru жүйесі арқылы плагиаттың бар-жоғына тексеріледі.

– Жіберілетін мақалалар бұрын жарияланбауы тиіс, сондай-ақ оны басқа журналдарда, оның ішінде басқа тілдерге аудармаларда кейіннен жариялауға жол берілмейді

– Қолжазбаны жариялауға қабылдау туралы шешім рецензиялау рәсімі өткізілгеннен кейін қабылданады.

– Қосарланған шолу (соқыр) құпия түрде жасалады, авторға рецензенттің аты – жөні берілмейді, ал рецензентке мақала авторының аты-жөні айтылмайды.

– Мақала үшін төлем мақала жарияланымға қабылданғаннан кейін жүргізіледі.

– Бір жылда басылымына бір автордан немесе авторлар ұжымы құрамындағы сол автордан 2 қолжазбадан артық емес рұқсат етіледі.

– Талаптарды бұза отырып ресімделген мақалалар жариялауға қабылданбайды және авторларға қайтарылады.

Редакция мақаланы әдеби және стилистикалық өңдеумен айналыспайды.

Мақалалар түскен сайын жарияланады.

«Қазақстанның педагогикалық хабаршысы» журналын шығару кезеңділігі - жылына төрт рет (тоқсан сайын)

Мақаланы (электрондық нұсқа және төлем туралы түбіртектер) сайтқа жіберу керек: <https://pedvestnik.ppu.edu.kz/>. Мақаланы жариялауға жіберу үшін сайтта тіркелу қажет.

Қолжазбаны дайындауға ең көп зияткерлік үлес қосқан адам (екі немесе одан да көп бірлескен авторлармен) корреспондент - автор болып табылады және "*" деп белгіленеді.

Екі реттік рецензиялау (соқыр) процедурасын жүзеге асыру үшін авторлар мақаланың екі нұсқасын жіберуі керек: біріншісі - жеке деректерді көрсете отырып, екіншісі - тек мақаланың мазмұны.

Мақаланы рәсімдеу үшін қойылатын талап

Редакциялық алқа журналдың ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша бұрын жарияланбаған мақалаларды қабылдайды. Мақала электрондық форматта (doc, .docx) тек журналдың ресми сайтына жүктеу арқылы <https://vestnik.ppu.edu.kz/> ұсынылады.

Шрифт кеглі – 14 (кесте мәтініне – 10 рұқсат етіледі), шрифт – Times New Roman, түзету – мәтін ені бойынша, интервал – бір, абзац шегінісі – 1,25 см, өрістері: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол және оң – 2 см.

Суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б. нөмірлері мен атауын көрсете отырып, тікелей мәтінде ұсынылады (мысалы, Сурет (Кесте) 1 – атауы). Кестенің атауы кестенің жоғарғы жағында абзацтан, суреттің атауы суреттің төменгі жағында ортадан көрсетіледі. Суреттер, кестелер,

графиктер мен диаграммалар саны мақаланың барлық көлемінің 20%-нан аспауы тиіс.

Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аннотацияны, кілтті сөздерді, библиографиялық тізімді есепке алмағанда) кемінде 3000 сөзді құрауы және 5000-нан аспауы тиіс.

Мақала құрылымы:

Бірінші жол – [ЭОЖ](#) нөмірі, (әмбебап ондық жіктеу, 37... басталады) түзету – сол жақ шетінен, шрифт – жартылай қалың.

Екінші жол – [FTAMP](#) нөмірі (ғылыми техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы, 14... басталады), түзету – сол жақ шеті бойынша, шрифт – жартылай қалың.

Бір бос орын (пробел)

Мақаланың авторы(лары) – аты-жөні мен тегі көрсетіледі отырып, бірнеше автор болған кезде жұмыс орындары реттік нөмірлері бар тізім түрінде көрсетіледі (үстеме), қала, мемлекет. Бұдан әрі – жеке жолда автордың e-mail көрсетіледі: бірнеше автор болған жағдайда тек қана корреспондент автордың e-mail көрсетіледі. Корреспондент автор* белгісімен белгіленеді. Рәсімдеуді мақала [үлгісінен](#) қараңыз.

Бір бос орын (пробел)

Мақаланың атауы (тақырыбы) мақаланың мәні мен мазмұнын көрсетіп, оқырманның назарын аударуы және қысқа және мазмұнды болуы керек. Тақырыптың оңтайлы ұзындығы – 7-13 сөз. Мақаланың атауы мақала тілінде ұсынылуы керек. Мақаланың атауы жартылай қалың шрифтпен, БАС ӘРІПТЕРМЕН, түзету ортасында ұсынылады.

Бір бос орын (пробел)

Мақала тілінде 150-250 сөзден тұратын аннотация (басқа екі тілде әдебиеттер тізімінен кейін мақаланың соңында беріледі).

Аннотация құрылымы келесі МІНДЕТТІ тармақтарды қамтиды:

- Зерттеу тақырыбы туралы кіріспе сөз.
- Ғылыми зерттеудің негізгі бағыттары мен идеялары.
- Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы.
- Жүргізілген зерттеудің құндылығы (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі).

Кілтті сөздер/сөз тіркестері – мақала тілінде 5-7 сөз.

Аннотация мен кілтті сөздер жартылай қалың шрифтпен, кіші әріптермен, курсивпен ұсынылады. Аннотацияның мазмұны және кілтті сөздер қарапайым қаріппен, кіші әріптермен, курсивпен жазылады.

Бір бос орын (пробел)

Мақала мәтіні

Мақала мәтіні келесі бөліктерді қамтуы керек:

Кіріспе

Бөлімде таңдап алынған зерттеу мәселесінің өзектілігі, оны шешу жолдарын іздеудің қажеттілігі және мәселенің зерттелу деңгейі ашып

көрсетіледі. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде бұл мәселені шешудің маңыздылығы, зерттеу нәтижелерінің ғылыми-практикалық тұрғыдан мәні бар міндеттерді шешуде қолданылу мүмкіндігі айқындалады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қысқаша сипаттама беріледі, зерттеу нысаны мен пәні анықталады, таңдалған саладағы зерттеулердің жалпы даму үрдістерін көрсету арқылы мәселенің зерттелу деңгейі талданады. Сондай-ақ теорияда, әдіснамада, тәжірибеде немесе зерттеу қорытындыларында кездесетін қайшылықтар, зерттеулердегі олқылықтар немесе ғылыми мектептер арасындағы кемшіліктер айқындалады.

Осы орайда соңғы 5-10 жыл ішінде қарастырылып отырған тақырып бойынша қазақстандық ғалымдардың, жақын және алыс шетел зерттеушілерінің ең беделді ғылыми еңбектеріне қысқаша шолу жасау қажет.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу бөлімінде зерттеудің орындалу кезеңдерінің бірізділігі сипатталып, зерттеу барысында қолданылған әдістерді таңдаудың негіздемесі беріледі. Зерттеу материалына жан-жақты сипаттама жасалады.

Алынған нәтижелерге қол жеткізу үшін қолданылған әдіснама мен зерттеуде пайдаланылған нақты әдістерді егжей-тегжейлі сипаттау ұсынылады. Егер деректерді жинау барысында дәстүрлі емес, инновациялық әдістер қолданылған болса, бұл бөлімді әсіресе мұқият әрі толық баяндау қажет.

Нәтижелері және талқылау

Негізгі бөлім – деректерді талдау, жинақтау және түсіндіру арқылы жұмыс гипотезасын дәлелдеуге арналған бөлім. Көлемі жағынан бұл бөлім мақалада орталық орын алады. Мұнда жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері дәлелді түрде баяндалады, алынған нәтижелердің күтілген нәтижелерге сәйкестігі сипатталады, зерттеу мақсатына қол жеткізілгені негізделеді, сондай-ақ осы жұмыстың нәтижелерін басқа авторлардың еңбектерінен ерекшелендіретін ғылыми жаңалығы айқындалады. Бөлімде математикалық-статистикалық талдаудың әртүрлі түрлері мен әдістерін қолдану қорытындылардың негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады. Алынған нәтижелердің ғылым мен практикада қолдануға жарамдылығын дәлелдейтін деректер келтіріледі. Бөлім автордың жеке аналитикалық, жүйеленген материалдарынан тұрады. Қажет болған жағдайда кестелермен, графиктермен, суреттермен толықтырылып, олардың мазмұнына кейіннен сипаттама беріледі.

Қорытынды

Бөлімде алынған нәтижелер жүйеленіп ұсынылады. Зерттеу нәтижелеріне қысқаша тұжырым жасалып, олардың маңыздылығы негізделеді. Алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы сипатталып, оларды қолданудың ықтимал салалары, практикалық және ғылыми маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен қатар, бөлімде қарастырылған мәселелердің даму болжамы қамтылып, зерттеудің негізгі проблемасын одан әрі зерделеудің перспективалары айқындалады.

Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса).

Бір бос орын (пробел)

Мақала авторларының қосқан үлестері.

Бір бос орын (пробел)

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

Мақала мазмұнында осыған ұқсас ғылыми мәселе бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне шолу жасалуы тиіс. Пайдаланылған дереккөздердің сапасы мен саны мақаланың өзектілігін айқындайды. Осыған байланысты авторларға төмендегі талаптарды сақтауға кеңес беріледі:

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі 10-20 атаудан тұруы тиіс;
- мақала мәтініндегі дереккөздерге сілтемелер шаршы жақшада беріледі (дәйексіз [1], дәйексөз келтірілген немесе автор мәтіні мазмұндалған жағдайда [1, б. 29]). Нөмірлеу дәйексөздер келтірілу ретіне қарай жүргізіледі;
- мақалада электрондық ресурстардан алынған дереккөздер пайдаланылған жағдайда, міндетті түрде DOI нөмірі немесе Интернет желісіндегі толық электрондық мекенжайы және ресурсқа жүгінген күні көрсетілуі қажет;
- сабақтастық қағидатын сақтау және халықаралық тәжірибені интеграциялау мақсатында авторларға Scopus және WoS базаларында индекстелетін журналдарда жарияланған еңбектерге (кемінде 3 дереккөз); ҚР комитеті тізіміндегі журналдарда жарияланған еңбектерге (кемінде 5 дереккөз);
- мемлекеттік құжаттардың саны 1 (бір) атаудан аспауы тиіс;
- өзін-өзі дәйектеуге (self-citation) 2 дереккөзден артық жол берілмейді;
- соңғы 20 жыл ішінде жарияланған дереккөздерді пайдалануға рұқсат етіледі;
- әдебиеттер тізімі екі нұсқада рәсімделеді: 1. [МЕМС 7.1-2003](#) «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен рәсімдеу ережелері» стандартына сәйкес, жарияланымның түпнұсқа тілінде; 2. APA 7 Style (<http://www.apastyle.org/>) жүйесі бойынша транслитерацияланған нұсқада (<http://www.translit.ru>), жарияланым тілі көрсетіле отырып.

МЕМС 7.1-2003 үлгісі:

1. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған Кәсіби стандарт. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25HP000031> (қаралу күні 24.10.2025)

2. **Aktoprak, A., Hursen, C.** A bibliometric and content analysis of critical thinking in primary education // Thinking Skills and Creativity. – 2022. – №4(44). – P. 1-10. – <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2022.101029>

3. **Акешова, М., Абжекенова Б.** Профессиональная педагогическая компетенция: ключевой пункт развития креативных способностей обучающихся // Вестник КазНУ: серия педагогические науки. – 2023. – №1(74). – С. 155-164. – <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v74.i1.015>

APA 7 стилінде транслитерацияланған үлгі:

1. Aimagambetov, A. (2022). *Balany zhabirleudin (bullington) profilaktikasy qagidalary [Rules for preventing bullying of children]*. Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated December 21, 2022, No. 506 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180> (review date 24.10.2025) [in Kazakh]

2. Mehari, K., Beulah, B., Paskewich, B., Leff, S., & Waasdorp, T. (2022). Cyberbullying and empathy among late-elementary school children. *International Journal of Bullying Prevention*, 5, 79-87. <https://doi.org/10.1007/s42380-022-00119-9> [in English]

3. Abdigapbarova, U., Zhienbaeva, N. (2021). Nauchno-metodicheskie rekomendacii sovershenstvovaniya professional'noj podgotovki budushchego uchitelya na osnove studentocentrirovannogo obucheniya v usloviyah cifrovoj sredy [Scientific and methodological recommendations for improving the professional training of a future teacher on the basis of student-centred learning in a digital environment]. *Journal "Pedagogy and Psychology" of the Abai Kazakh National Pedagogical University*, 2(47), 31-40. <https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.03> [in Russian]

Бір бос орын (пробел)

Мақала тілінен басқа екі тілдегі тақырып, авторлар, аңдатпа және кілт сөздер

Reference-тен кейін мақала тілінен басқа екі тілде (қазақ / орыс / ағылшын) орналастырылады.

Бір бос орын (пробел)

Авторлар туралы мәліметтер 3 тілде беріледі, қамтиды:

Тегі Аты Әкесінің аты (толық), ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы, ұйымы, мекен-жайы, мемлекет. e-mail телефон (хат-хабар автор үшін), ORCID: (болған жағдайда)

Мысалы:

Авторлар туралы мәлімет:

Матаев Берік Айтбайұлы - философия докторы (PhD), Педагогика жоғары мектебінің қаумдастырылған профессоры, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: matayevba@pspu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5108>

Ахметова Динара Салкеновна – хат-хабар үшін автор, магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. Tel. +77773179995. E-mail: dinaraakhmetova11@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5109>

Information about the authors:

Matayev Berik - Philosophy Doctor (PhD), Associate Professor of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: matayevba@pspu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5108>

Akhmetova Dinara - the author is for correspondence, Master's student, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. Tel. +77773179995. E-mail: dinaraakhmetova11@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5109>

Информация об авторах:

Матаев Берик Айтбаевич - доктор философии (PhD), ассоциированный профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан. E-mail: matayevba@pspu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5108>

Ахметова Динара Салкеновна - автор для корреспонденции, магистрант, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан. Павлодар, Казахстан. Tel. +77773179995. E-mail: dinaraakhmetova11@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5109>

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Редакция авторлардан дефис (-) пен сызықшаны (–) бір-бірінен нақты ажырата білуді сұрайды.

Редакцияға келіп түскен мақалалар міндетті түрде бірінші кезеңде осы нұсқаулықта және сайтта орналастырылған мақала шаблоньында көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бастапқы техникалық тексеруден өтеді. Мақаланың рәсімделуі журнал талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, мақала авторларға қайта өңдеуге қайтарылады. Авторлардың назарын аударамыз: мақаланы рәсімдеу автор(лар)дың тікелей міндеті, ал редакция қажетті талаптар туралы толық ақпарат пен мақала рәсімдеу үлгісін ғана ұсынады және мақала сараптамасының алғашқы кезеңінде техникалық бақылауды жүзеге асырады. Егер автор(лар) бастапқы техникалық тексеруден екі рет өтпесе, мақала түпкілікті түрде қабылданбайды және журналда қайта қарауға жіберілмейді.

Мақаланың екінші кезеңінде қолжазба міндетті түрде <https://antiplagiat.ru> жүйесі арқылы тексеруден өтеді. Мақаланың түпнұсқалық (оригиналдық) деңгейі кемінде **75 %** болуы тиіс.

Егер қолжазба тексеруден өтпесе (түпнұсқалық деңгейі 75 %-дан төмен болса), мақала қабылданбайды және журналда қайта қарауға тек жаңа өтінім беру арқылы ғана қабылданады.

Алғашқы техникалық тексеруден және плагиатқа қарсы бақылаудан өткеннен кейін мақалалар анонимді қосарланған «соқыр» рецензиялауға жіберіледі. **Рецензиялау мерзімі 1 айдан 6 айға дейін созылады.** Автор(лар) рецензиялау нәтижелері туралы жеке кабинет арқылы хабардар етіледі. Теріс рецензия алған мақалалар қайта қарауға қабылданбайды.

Мақалалардың түзетілген нұсқалары және автордың рецензентке берген жауаптары редакция белгілеген мерзімдерде журнал сайтыдағы автордың жеке кабинеті арқылы редакцияға жолданады. Оң рецензия алған мақалалар журнал редакциясына талқылауға ұсынылады.

Мақалаларды сараптаудың барлық кезеңдерінен өту үдерісі ашық әрі айқын болып табылады, автор журналдың сайтындағы жеке кабинеті арқылы осы үдерісті бақылауға және сол арқылы редакциямен байланыс орнатуға мүмкіндік алады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Редакция мақалалардың рәсімделуі, мазмұны және жариялау туралы қабылданған шешімдер бойынша авторлармен пікірталас жүргізбейді.

Мақала үлгісі

ӘОЖ 37...

ҒТАМР 14...

Б.А. Матаев*¹, К.К. Шалғынбаева², З.К. Кулышарипова¹

¹Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
matayevba@pspu.kz

COVID-19 КЕЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДЕ «МЕН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мәтін, мәтін, мәтін. ...

Кілтті сөздер: «Мен» тұжырымдамасы, кәсіби дайындық, студент, тұлға, болашақ маман.

Кіріспе

Мәтін, мәтін, мәтін. ...

Материалдар мен әдістер

Мәтін, мәтін, мәтін. ...

Нәтиже және талқылау

Мәтін, мәтін, мәтін. ...

Қорытынды

Мәтін, мәтін, мәтін. ...

Мақала авторларының қосқан үлестері:

Б.А. Матаев – зерттеу жұмысының ...

К.К. Шалғынбаева – әдебиет көздерін жүйелеп, ...

З.К. Кулышарипова – зерттеу дизайнын әзірледі, ...

Барлық авторлар зерттеу нәтижелерін талқылауға, қорытынды тұжырымдарды қалыптастыруға және мақаланы баспаға дайындауға бірлесіп қатысқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Матаев, Б.А. Кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясын қалыптастырудың ғылыми негіздері: 6D010300: док. PhD ... дис. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 176 б.

2 Матаев, Б.А., Тулекова, Г.М. «Мен» концепция психологиядағы зерттеу пәні ретінде // С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналы. – 2019. – №4. – Б. 264-275. <https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/63.pdf> (қаралу күні 24.10.2025)

3 Бодалев, А.А. Столин, В.В. Аванесов, В.С. Общая психодиагностика. СПб.: Речь, 2006. – 440 с.

4 Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған Кәсіби стандарт. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25HP000031> (қаралу күні 24.10.2025)

5 **Aktoprak, A., Hursen, C.** A bibliometric and content analysis of critical thinking in primary education // *Thinking Skills and Creativity*. – 2022. – №4(44). – P. 1-10. – <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2022.101029>

6 **Акешова, М., Абжекеннова Б.** Профессиональная педагогическая компетенция: ключевой пункт развития креативных способностей обучающихся // *Вестник КазНУ: серия педагогические науки*. – 2023. – №1(74). – С. 155-164. – <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v74.i1.015>

References

1. Aimagambetov, A. (2022). *Balany zhabirleudin (bullingtin) profilaktikasy qagidalary [Rules for preventing bullying of children]*. Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated December 21, 2022, No. 506 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180> (review date 24.10.2025) [in Kazakh]

2. Mehari, K., Beulah, B., Paskewich, B., Leff, S., & Waasdorp, T. (2022). Cyberbullying and empathy among late-elementary school children. *International Journal of Bullying Prevention*, 5, 79-87. <https://doi.org/10.1007/s42380-022-00119-9> [in English]

3. Abdigapbarova, U., Zhienbaeva, N. (2021). Nauchno-metodicheskie rekomendacii sovershenstvovaniya professional'noj podgotovki budushchego uchitelya na osnove studentocentrirovannogo obucheniya v usloviyah cifrovoj sredy [Scientific and methodological recommendations for improving the professional training of a future teacher on the basis of student-centred learning in a digital environment]. *Journal "Pedagogy and Psychology" of the Abai Kazakh National Pedagogical University*, 2(47), 31-40. <https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.03> [in Russian]

4. Boboc, R., & Damaševičius, R. (2024). Confronting bullying in the digital age: Role of extended reality. *Education and Information Technologies*, 29, 1-30. <https://doi.org/10.1007/s10639-024-12557-7> [in English]

5. Deng, X., Yang, J., & Wu, Y. (2021). Adolescent empathy influences bystander defending in school bullying: A three-level meta-analysis. *Frontiers in Psychology*, 12, 690898. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.690898> [in English]

Б.А. Матаев^{*1}, К.К. Шалгынбаева², З.К. Кульшарипова¹

¹Павлодарский педагогический университет имени Ә. Марғұлан,
Павлодар, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Особенности формирования «Я» концепции у студентов во время covid-19

Аннотация. Текст, текст, текст ...

Ключевые слова: «Я» концепция, профессиональная подготовка, студент, личность, будущий специалист.

B. Matayev^{*1}, K. Shalgynbayeva², Z. Kulsharipova¹

¹Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan,
Pavlodar, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

Features of the formation of the "Self" concept of students during the Covid-19

Annotation. Text, text, text. ...

Keywords: "Self" concept, professional training, student, personality, future specialist.

Авторлар туралы мәлемет:

Матаев Берік Айтбайұлы – хат-хабар үшін автор, философия докторы (PhD), Педагогика жоғары мектебінің қаумдастырылған профессоры, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. Tel. +77773179995. E-mail: matayevba@pspu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5108>

Дончева Юлия – философия докторы (PhD), профессор, Ангел Кънчев Русе университеті, Русе, Болгария. E-mail: jdoncheva@uni-ruse.bg. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3148-3220>

Ахметова Динара Салкеновна – магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: dinaraakhmetova11@gmail.com

Information about the authors:

Matayev Berik – the author is for correspondence, Philosophy Doctor (PhD), Associate Professor of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. Tel. +77773179995. E-mail: matayevba@pspu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5108>

Doncheva Juliya – Philosophy Doctor (PhD), Professor, Angel Kanchev university of Ruse, Ruse, Bulgaria. E-mail: jdoncheva@uni-ruse.bg. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3148-3220>

Akhetova Dinara – Master's student, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: dinaraakhmetova11@gmail.com

Информация об авторах:

Матаев Берик Айтбаевич – автор для корреспонденции, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан. Tel. +77773179995. E-mail: matayevba@pspu.kz. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0610-5108>

Дончева Юлия – доктор философии (PhD), профессор, Русенский университет Ангел Кънчев, Русе, Болгария. E-mail: jdoncheva@uni-ruse.bg. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3148-3220>

Ахметова Динара Салкеновна – магистрант, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан. E-mail: dinaraakhmetova11@gmail.com

Жарияланым қызметі үшін тарифтер

**ТӨЛЕМ АҚЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАНЫМҒА ҚАБЫЛДАНҒАННАН
КЕЙІН ЖӘНЕ СІЗГЕ ЫҢҒАЙЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТӘСІЛМЕН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫЛАДЫ**

Жариялау құны – **50.000 (елу мың) теңге**

Шетелдік авторлар отандық ғалымдармен бірлескен авторлық болмаған жағдайда **тегін** жарияланады.

Біздің реквизиттеріміз:

«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ

БСН 040340005741

ЖСН KZ609650000061536309

АҚ «Forte Банк»

БСК IRTYKZKA

ҚҰЖЖ 40200973

КБЕ 16

Каспий қосымшасы арқылы:

Төлемдер – Білім – Жоғары оқу орындары, колледждер – барлық бағандарды толтырасыз

Аймақ бағанында таңдау – Павлодар

Оқу орны бағанында таңдау – ППУ

Факультет бағанында таңдау – «ҚазПХ» журналында жарияланым үшін

Курс бағанында журнал нөмірін көрсетіңіз

Бірінші автордың аты – жөнін көрсетіңіз

Науық қосымшасы арқылы:

Төлемдер – Білім – Жоғары оқу орындары, колледждер – барлық бағандарды толтырасыз

Оқу орны бағанында таңдау – ППУ

Факультет бағанында таңдау – «ҚазПХ» журналында жарияланым үшін

Бірінші автордың аты – жөнін көрсетіңіз

Топ – автор

Мамандық – мақала тақырыбы

Курс – журнал номері

Оқу бөлімі – күндізгі

Жеке кабинетте төлем туралы түбіртеккі міндетті түрде тіркеңіз

Жарияланым этикасы

«Қазақстанның педагогикалық хабаршысы» ғылыми журналының редакциялық алқа мүшелері өз кәсіби іс-әрекетінде «Қазақстанның педагогикалық хабаршысы» ғылыми журнал үшін жарияланым этикасы қағидаттары мен нормаларын ұстанады. Жариялау этикасы [Жариялау этикасы комитетінің \(COPE\)](#) халықаралық жариялау этикалық нормасына, Scopus (Elsevier) журналдарын жариялаудың этикалық қағидаттарына, Павлодар педагогикалық университетінің Академиялық адалдық кодексіне сәйкес әзірленді.

Жарияланым этикасы редакторлардың, рецензенттер мен авторлардың этикалық мінез-құлқының нормаларын, қағидаттары мен стандарттарын, мүдделер қақтығысын, әдепке жат мінез-құлықты анықтау жөніндегі шараларды, мақаланы тәркілеу (ретракция), түзету және теріске шығару жөніндегі нұсқаулықтарды белгілейді.

Жарияланым процессінің барлық қатысушылары, жарияланым этикасының принциптерін, нормаларын және стандарттарын сақтайды.

Ғылыми журналының сапасы жарияланым процесінің қатысушыларының принциптерінің орындауымен қамтамасыз етіледі: авторлардың теңдігі, құпиялылық принципі, бір реттік жарияланым, қолжазба авторлығы, өзіндік ерекшелігі принципі, ақпарат көздерін растау принципі, рецензиялаудың объективтілігі мен уақыттылығы принципі.

Бас редакторы мен жауапты хатшысының құқығы мен міндеттері. «Қазақстанның педагогикалық хабаршысы» журналының бас редакторы мен жауапты хатшысының лауазымдық міндеттері мен құқықтары сәйкесінше бекітілген лауазымдық нұсқаулықтармен анықталған.

Рецензенттердің міндеттері мен құқықтары

«Қазақстанның педагогикалық хабаршысы» журналының рецензенттері объективтілік принципін жетекшілікке алуға міндетті.

Қолжазба авторының (авторларының) жеке сынына жол берілмейді. Рецензент өзінің ескертулерін нақтылауы және қолжазбаны қабылдау немесе қабылдамау туралы шешімін негіздеу керек.

Ұлты, діни ұстанымы, автордың саяси немесе басқа көзқарастары рецензенттің қолжазбаны рецензиялауы барысында ескерілмеуі және есепке алынбауы керек.

Рецензент берген эксперттік баға, редакцияға жариялау үшін шешім қабылдауға ықпал етуі және авторға қолжазбаны жақсартуға көмектесуі керек.

Редакторлық алқаның қолжазбаны жариялау шешімі, авторға жұмысын өзгерту немесе қайта қарауға, жариялаудан бас тарту шешімі рецензиялау қорытындысына сүйене отырып қабылданады.

Уақытылы рецензиялау принципі. Рецензент рецензиясын редакциямен анықталған мерзімде қайтаруы керек, бірақ қолжазбаны алған кезден 2 аптадан кешіктірмеуі маңызды. Егер мақаланы қарастыру және рецензияны дайындау белгіленген мерзімде мүмкін емес болса, онда рецензент бас редакторға ескертуі керек.

Рецензент, өзінің біліктілігі ұсынылған қолжазбаны рецензиялауға, шешім қабылдауға сәйкес келмейді деп санаса, дереу ғылыми редакторға хабарлап және қолжазбаны рецензиялаудан бас тартуы керек.

Рецензенттің құпиялылық принципі. Рецензентке рецензиялауға ұсынылған қолжазба конфиденциалды материал ретінде қарастырылады. Рецензент оны демонстрациялауға немесе өзге адамдармен талқылауға журналдың ғылыми редакторы немесе автордың жазбаша рұқсатымен ғана құқылы.

Рецензиялау және жариялау процесін қамтамасыз ету барысында алынған ғылыми жұмысының идеясы және ақпараты, жеке пайдасы үшін рецензентпен қолданылмауы керек.

Дереккөзді растау принципі. Рецензент қарастырылған қолжазбаның зерттеушілік нәтижесіне, әсер ететін бірақ, автор еңгізбеген жұмыстарды ұсынуы керек. Сонымен қатар, рецензент қарастырылып отырған

қолжазбаның өзіне белгілі бұрын жарияланған жұмыспен маңызды ұқсастығын бар екенің көрсе ғылыми редактордың назарына жеткізуі міндетті.

Егер, рецензент қолжазбада плагиат, көшірулер, жалған немесе ойдан шығарылған материалдар немесе зерттеу нәтижелері бар екенініне дәлелді себептер берсе, онда ол қолжазбаны жариялауға жол бермей, журналдың ғылыми редакторына принциптердің, стандарттар мен жариялау нормасы, ғылыми этиканың бұзылуы анықталғаның көрсетеді.

Авторлардың құқығы мен міндеттері

Жариялау этикасы келесі принциптерді ұстануға негізделген:

Жарияланымдардың бір рет жариялануы. Автор(-лар) ұсынылған мақаланың қолжазбасы басқа басылымдарға қарау үшін ұсынылмағанына кепілдік береді. Қолжазбаны бір уақытта бірнеше журналдар / басылымдарға жіберу қолайсыз және бұл принциптер, стандарттар мен нормаларды және жариялау этикасының өрескел бұзу болып табылады.

Қолжазба құқығы. қолжазбаны дайындауға (екі немесе одан да көп авторлар болған жағдайда) ең үлкен зияткерлік үлес қосқан адам автор-корреспондент болып табылады және тізімде бірінші болып көрсетіледі.

Мақаланың соңғы нұсқасына жауапты болатын (егер авторлардың саны бірден көп болса), редакциямен байланысу, хат алмасу үшін, барлық зерттеуге өз үлесін қосқан қатысушыларды авторлар қатарына қосатын және барлық автордан жариялау үшін соңғы келісім алатын корреспондент автор тағайындалуы керек. Қолжазбада/мақалада көрсетілген барлық авторлар жұмыстың мазмұнына жауап береді.

Түпнұсқалық принципі. Автор(-лар) қолжазбада көрсетілген зерттеу нәтижелері өзіндік жұмыс болып табылатындығына және процесте анықталуы мүмкін дұрыс емес қарыздар мен плагиат болмайтындығына кепілдік береді.

Авторлар этикалық емес мінез-құлық, плагиат, өзіндік плагиат белгілері бар мақалаларды жариялауға, өзін-өзі дәйексөздеу, бұрмалау, ойдан шығару, деректерді бұрмалау, жалған авторлық, қайталану, қақтығыс мүдделер мен алдауға жауапты.

Дереккөзді растау принципі. Автор(-лар) ғылыми және зерттеу барысында пайдаланған басқа дерек көздерін дұрыс көрсетуге міндеттенеді. Басқа авторлардың шығармаларының қандай да бір бөліктерін пайдаланған және/немесе басқа автордың (авторлардың) мәлімдемелерін қарызға алған жағдайда қолжазбада бастапқы дереккөздің авторы (лары) көрсетілген библиографиялық сілтемелер көрсетілуі тиіс. Күмәнді көздерден алынған ақпарат қолжазбаны ресімдеу кезінде пайдаланылмауы тиіс.

Рецензенттер, ғылыми редактор, журналдың редакция алқасының мүшелері (редакторлары) шындыққа күмәнданған жағдайда және зерттеу нәтижелерінің сенімділігі үшін автор(лар) қолжазбада келтірілген нәтижелерді немесе фактілерді растау үшін қосымша материалдар ұсынуы керек.

Жариялау процесіндегі қателіктерді түзету. Жариялау процесінің кез келген сатысында жұмыста қателер мен дәлсіздіктер анықталған жағдайда авторлар бұл туралы ғылыми редакторға шұғыл түрде хабарлауға және журналдың сайтында түсініктемелермен тиісті түзету жариялау үшін қатені жоюға немесе түзетуге көмек көрсетуге міндеттенеді. Түзетуге болмайтын өрескел қателер анықталған жағдайда, автор қолжазбаны/мақаланы қайтарып алуы керек.

Жариялау этикасын сақтау принципі. Авторлар зерттеулерге қатысты сынға немесе ескертулерге, сондай-ақ рецензиялау және жариялау бойынша редакциямен өзара әрекеттесуге қатысты этикалық нормаларды сақтауға міндетті. Авторлардың этикалық қағидаларды сақтамауы басылым этикасын өрескел бұзу ретінде қарастырылады және қолжазбаны рецензиядан және/немесе басылымнан шығаруға негіз береді.

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысы, Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (COPE) анықтамасы бойынша, бұл авторлар, рецензенттер немесе редакциялық алқа мүшелерінің жарияланған материалға қатысты пікірлеріне әсер ете алатын жасырын мүдделері бар жанжалды жағдайлар. Мүдделер қақтығысы рецензент пен редакциялық алқа мүшелерінің ғылыми пікіріне әсер етуі мүмкін қаржылық, жеке немесе кәсіби жағдайлар пайда болған кезде және нәтижесінде қолжазбаны жариялауға қатысты редакциялық алқа шешіміне әсер етеді.

Бас редактор, редакция алқасының мүшесі және рецензенттер редакция алқасының шешіміне қандай да бір түрде әсер етуі мүмкін ықтимал мүдделер қақтығысы туралы хабардар етуі керек. Редакция алқасының мүшелері қолжазба авторының (авторларының) зерттеу нәтижелерімен байланысты қандай да бір бәсекелестік қатынастарда болса немесе басқа мүдделер қақтығысы болса, қолжазбаны қараудан бас тартуы тиіс.

Қолжазбаны журналға қарауға берген кезде автор(-лар) қолжазбаның мазмұнында зерттеуді қаржыландырудың барлық көздері көрсетілгенін мәлімдейді; сондай-ақ қарауға берілген қолжазбаға қатысты мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін қандай коммерциялық, қаржылық, жеке немесе кәсіби факторлар бар екенін көрсетеді. Автор(-лар) ілеспе хатта мүдделер қақтығысы болған кезде олардың қолжазбасын объективті бағалай алмайтын ғалымдарды көрсете алады.

Рецензент қолжазбаға қатысты кез келген автормен бәсекелестік, ынтымақтастық немесе басқа қарым-қатынастан туындайтын мүдделер қақтығысының себептері болуы мүмкін қолжазбаларды қарастырмауы керек.

Қолжазбаның мазмұнымен мүдделер қақтығысы болған жағдайда, жауапты хатшы бұл туралы Бас редакторға хабарлауы керек, содан кейін қолжазба басқа рецензентке беріледі.

Қарау және шолу процесінде қатысушылар арасында мүдделер қақтығысының болуы қолжазба қабылданбайды дегенді білдірмейді.

Барлық мүдделі тұлғалар мүмкіндігінше жарияланымның барлық кезеңдерінде кез келген вариацияда мүдделер қақтығысының туындауын

болдырмауы қажет. Қандай да бір мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, осы қақтығысты ашқан адам бұл туралы редакцияға дереу хабарлауы керек. Бұл басқа да жарияланым және ғылыми этика принциптері, стандарттары мен нормаларын бұзушылыққа қатысты.

Этикалық емес мінез-құлық

Авторлардың, редакторлардың немесе баспагердің өз мақалаларына өз бетінше рецензия беруі, шарттық және жалған рецензияланған жағдайлары, ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау үшін агенттік қызметтерге жүгіну, жалған авторлық, зерттеу нәтижелерін бұрмалау және ойдан шығару, жалған ғылыми мәтіндерді жариялау, мақалалардың қолжазбасын басқа басылымдарға онсыз беру әрекеттері, авторлардың материалдарын үшінші тұлғаларға беру, авторлық құқықтар мен редакциялық процестердің құпиялылық принциптері бұзылған жағдайлар, дәйексөзді, плагиатты манипуляциялау жағдайлары этикалық емес мінез-құлық болып саналады.

Рецензиялау

«Қазақстанның педагогикалық хабаршысы» журналының редакциясына түскен қолжазбалардың барлығы міндетті түрде екі жақты-соқыр рецензиялаудан өтеді. Алынған рецензиялар негізінде журналдың редакциялық алқасы қорытынды шешім қабылдайды.

Мақалаларды қарау тәртібі:

1. Мақаланы жариялауға өтінім беру үшін журналдың сайтына кіру <https://pedvestnik.ppu.edu.kz/> және тіркеуден өту керек. Мәтін өрістерін толтыру. Мақала файлын .doc / .docx (MS Word) форматта, төлем туралы түбіртек файлын тіркеу, ұсынылған қолжазбаның дербес сипаты туралы жария оферта - баспагерге айрықша құқықтар беру және мақаланы плагиатқа тексеруге келісімге қол қою. Толтырылған деректерді тексеріп, «Жіберу» түймесін басу.

2. Автор жіберген қолжазба журналдың редакциясына түседі. Жауапты хатшы қолжазбаның техникалық талаптарға сәйкестігін тексереді.

3. Журнал менеджері плагиатты автоматты тексеру жүйесі арқылы қолжазбаның орындалу дербестігін тексереді. Қолжазбаны плагиатқа автоматты түрде тексеру нәтижелері бойынша тексерудің толық есебі түсіріледі. Егер түпнұсқалықтың пайызы белгіленген шектен төмен болса, онда мақала журналдағы жарияланымға қарауға қабылданбайды.

4. Әрі қарай, журнал менеджері мақаланы бас редакторға жібереді. Бас редактор мақаланың журналдың тақырыбына сәйкестігін қарастырады. Сәйкес келмеген жағдайда журнал редакциясы авторға жариялаудан бас тартудың негіздемесі бар хат жібереді. Орташа алғанда, мақаланы алғашқы қарау 10 күн мерзімінде жүреді.

5. Әрі қарай, бас редактор бастапқы іріктеуден өткен әрбір мақала бойынша рецензенттерді анықтайды.

6. Әрі қарай, жауапты хатшы журналда мақала жариялау мүмкіндігін анықтау мақсатында рецензенттерге плагиатқа тексеру бойынша толық есеппен қолжазбаны жібереді.

7. Журналда екі жақты-соқыр рецензиялау процедурасы қолданылады, онда редакция рецензенттердің аттарын жарияламайды. Рецензенттер журнал редакциясына зерттелетін тақырыптың өзектілігін, автордың ғылыми салаға қосқан үлесін, алынған нәтижелер деңгейін қамтитын мақала бойынша негізделген рецензияларды ұсынады. Барлық рецензияларда мақаланы жариялау (түзетулермен немесе онсыз) немесе жариялаудан бас тарту туралы ұсыныс болуы керек. Барлық рецензиялар журналдың редакциясына түседі.

8. Әрі қарай, жауапты хатшы рецензияларды бас редакторға жібереді.

9. Рецензиялар бас редактордың келісімімен пысықтауға келіп түскен жағдайда жауапты хатшы мақала бойынша рецензияны авторға "рецензенттің ескертулеріне сәйкес мақаланы пысықтау" деген ескертпемен жібереді. Бұл жағдайда автор екі апта ішінде мақаланың түзетілген нұсқасын ұсынуы керек.

10. Мақала бойынша барлық материалдар (рецензиялар, плагиат бойынша есеп) редакциялық алқаның отырысына шығарылады. Журналда мақала жариялау мүмкіндігі туралы шешімді журналдың редакциялық алқасы рецензенттердің пікірлері негізінде қабылдайды. Теріс рецензия алған мақалалар қайта қарауға қабылданбайды. Жариялау туралы шешім ортақ есеппен алғанда, 8 апта ішінде қабылданады.

11. Редакциялық алқаның мақала бойынша барлық рецензиялары мен шешімдері мақаланы ұсынған авторға жіберіледі. Жариялау материалдың дайындығына қарай жалпы кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Редакция кезекті дайындалып жатқан шығарылымдардың айдарларына сәйкес қалыптастыруға құқылы.

Жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану саясаты

Ғылыми мақаланы дайындау барысында жасанды интеллект құралдарын жауапкершілікпен пайдалануды қоса алғанда, академиялық адалдықтың этикалық нормалары мен стандарттары сақталуы тиіс. Пайдалану саясатының негізгі ережелері және мақалада:

1. Жасанды интеллект құралдары (соның ішінде ChatGPT сияқты тілдік модельдер) тек мақсаттар үшін пайдаланылды:

- мәтіннің бастапқы құрылымы;
- тіл стилі мен грамматикасын тексеру;
- аннотация тұжырымдамалары мен бөлім атауларының генерациясы.

AI авторлық талдауды ауыстыру, деректерді түсіндіру немесе ғылыми тұжырымдар жасау үшін пайдаланылмаған.

2. Авторлық бақылау. Барлық ғылыми идеялар, гипотезалар, интерпретациялар және түпкілікті тұжырымдар мақала авторларымен әзірленеді және бекітіледі. Ұсынылған материалдың дұрыстығына, өзіндік ерекшелігіне және ғылыми негізділігіне тек авторлар жауап береді.

3. Түпнұсқалығын тексеру. Жасалған AI материалдары мәтіннің түпнұсқалығы мен академиялық адалдығын қамтамасыз ету үшін арнайы

бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып, міндетті түрде қайта өңделді және плагиат тексерілді.

4. Жариялау этикасы нормаларын сақтау. Жасанды интеллектті пайдалану COPE (Committee on Publication Ethics) нұсқауларына және осы факт ашылған жағдайда цифрлық көмекшілерді көмекші пайдалануға мүмкіндік беретін журнал саясатына сәйкес жүзеге асырылды.

5. Плагиатқа қарсы «Антиплагиат» жүйесіндегі тексеру нәтижелері бойынша мақаланың жалпы мәтінінің 20% - нан асатын көлемде жасанды интеллект құралдарын пайдалану анықталған жағдайда, редакция қолжазбаны қайта беру мүмкіндігінсіз қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Мақалаларды ретрагирлеу

Ретрагирлеу (немесе ретракция) – бұл мәтінді (мақаланы) жарияланымнан кері қайтару, бұл жарияланымда елеулі кемшіліктер немесе сенуге болмайтын қате деректер бар екенін куәландырады. Ретрагирлеу рәсімі мынадай жағдайлардың алдын алу мақсатында жүргізіледі: қайталанатын жарияланымдар (авторлар бір мақалаларды немесе деректерді (тиісті сілтемелерсіз) бірнеше басылымдарда ұсынған кезде); плагиат; деректерді түсіндіруге немесе оларды пайдалану туралы ұсынымдарға әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығыстарын жасыру (COPE. Retraction guidelines. Available from: <http://publicationethics.org/files/retraction%20guidelines.pdf>).

Деректердің дәйексіздігі және қайталануы қателіктің, әдейі емес қателіктің, сондай-ақ саналы бұзушылықтардың нәтижесі болуы мүмкін.

Мақаланы кері қайтарып алу үшін себептер мен негіздер:

1) жарияланымда плагиаттың табылуы; Егер мақаланың аздаған бөлігі (мысалы, бірнеше сөйлем) плагиат болып табылса, редакторлар мақалаға толыққанды шолудан гөрі дереккөзге дұрыс сілтемелермен түзетулер енгізілсе, оқырмандар үшін (және жұмыс авторы үшін) жақсы бола ма деп ойлауға тиіс.

2) мақаланы бірнеше басылымда қайталау;

3) бұрмалауларды немесе жасандылықты (мысалы, эксперименттік деректерді бұрмалау) немесе нәтижелерді түсіндірудегі елеулі қателерді анықтау;

4) авторлардың қате құрамы (автор болуға лайық адам жоқ; авторлық критерийлерге сәйкес келмейтін адамдар кіреді);

5) жасырын мүдделер қақтығысы (және жариялау этикасының басқа да бұзылуы);

6) мақаланы автордың келісімінсіз қайта жариялау.

Мақаланы кері қайтарып алу тәртібі

Мақаланы кері қайтарып алудың себептері: автор(лар)дан мақаланы кері қайтарып алу туралы өтініш; журналдың бас редакторының баяндамасы.

Мақаланы кері қайтарып алу туралы шешімді бас редактордың мақаладан бас тартуға негіз бар екендігі туралы мәліметтерді қамтитын ұсынысы негізінде журналдың редакциялық алқасы қабылдайды.

Мақаланы кері қайтарып алу туралы шешім мақала авторының мақаланы кері қайтарып алу мәселесі бойынша ұстанымын негіздей отырып, осы жауап алынған кездегі жауабын ескере отырып қабылданады.

Егер автор(лар) мақаланы кері қайтарып алу қажет деп тапса, олар өз шешімінің себебін дәлелді түрде түсіндіре отырып, редакцияға жүгінеді. Редакция авторларға жауап береді және ретракциялау үшін негіздер болған жағдайда, ол мақаланың мәтінін ретрагирлеуді дербес жүзеге асырады.

Егер редакция өз сараптамасының немесе редакцияға келіп түскен ақпараттың негізінде мақаланың мәтінін кері қайтарып алу туралы шешім қабылдаса, бұл туралы автор(лар) хабардар етіледі және автордан(лардан) мақаланы кері қайтарып алу туралы мәселе бойынша бас редактордың ұсынысының негізділігі туралы пікір сұратылады. Егер автор(лар) редакцияның сұрау салуын елемесе, редакция автордың пікірін ескермей, жарияланымды кері қайтарып алуға құқылы.

Мақаланың ретракциясын түзетудің техникалық аспектілері

Ретракцияның нәтижелері журналдың баспа және электрондық нұсқасында жарияланымның атауында осы мақаланың кері қайтарылатынын көрсете отырып, аннотациямен кері қайтарып алудың себептерін көрсете отырып, сондай-ақ оған бастамашы болған тұлғаларды немесе ұйымдарды көрсете отырып көрсетілуі тиіс (қараңыз: COPE. Retraction guidelines. Available from: <http://publicationethics.org/files/retraction%20guidelines.pdf>).

Журналдың қағаз нұсқасында ретракция туралы хабарлама мазмұнында, мысалы, «Жарияланымды кері қайтару (ретракция) туралы хабарлама» айдары түрінде көрсетілуі тиіс. Ретракция туралы хабарда DOI көрсетілген қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақалаға толық библиографиялық сілтеме болуы тиіс.

Журналдың электрондық нұсқасында ретракция туралы хабар баспа хабарламасындағы сияқты көрінуі тиіс. Ретрагацияланған мақала дерекқорда және мақаланың ең басында «Мақала кері қайтарып алынды» деп көрсетілген, сондай-ақ кері қайтарып алу (ретракция туралы хабарламаны жариялау) күні көрсетілген журналдың сайтында сақталады. Ретракция фактісі туралы журнал индекстелетін барлық дерекқорларға хабарлау қажет.